

«№5 «Аққу» бөбекжай-бақшасы» КМҚК

Білім беру саласы: «Таным»

ҰОҚ: Жаратылыстану

Тақырыбы: «Табиғатты аялайық»

Өткізген: Ересек «Жұлдыз» тобының тәрбиешісі Джоламанова Б.С.

Атырау-2022 жыл

Мақсаты: Балаларда қоршаған орта туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру, табиғаттағы өз орны қандай екенін түсіндіру, адам мен табиғаттың тығыз байланысты екенін түсіндіру, тірі және өлі табиғат туралы білімдерін бекіту, туған жердің табиғатының әсемдігін эмоционалды қабылдауға баулу, табиғатты аялауға, қорғауға баулу.

Әдіс-тәсілдер: жұмбақ шешу, сұрақ жауап, әңгімелесу, ойын

Қолданылатын көрнекі құралдар: Тірі және өлі табиғат бейнеленген және дидактикалық ойындарға арналған суреттер мен карточкалар

Ұйымдастыру кезеңі:

Шаттық шеңбері.

Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған.

Сен күнсің көтерілген күліп қырдан.

Сен көлсің, сен ормансың.

Сен - бұлбұлсың,

Адамға сұлулықты шын ұқтырған!

Тәрбиеші: -Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырамын, мұқият тыңдаңдар.

Бір жерінде ыстық

Бір жерінде суық

Бір жерінде күн

Бір жерінде түн

Керемет алып неткен

Балалар: Жер шары

Тәрбиеші: -Иә дұрыс айтасыңдар, міне мынау жер шарының кішірейтілген үлгісі. Пішіні қандай?

Балалар: Дөңгелек

Тәрбиеші: -Балалар, біз қазір сіздермен «**Жер шары**» ойынын ойнаймыз.

Ойын шарты бойынша мен қолымдағы допты бір балаға лақтырып, «жер шары» деп айтамын қағып алған бала жер шарында кімдер? нелер? мекедейтінін шапшаң айтып допты кері лақтырады. Мысалы: тәрбиеші «Жер шары» десе бала «адам» деп жылдам жауап беруі тиіс.

-Жарайсыңдар, балалар! Адам, құстар, жануарлар, жәндіктер, аңдар, ағаштар, гүлдер, таулар. Бұның барлығын бір сөзбен айтқанда не деп айтамыз?

Балалар: -Табиғат

Тәрбиеші: Ал, табиғат дегеніміз не? Табиғат-адам қолымен жасамаған, бізді қоршаған орта. Табиғат-бұл біздің тұратын үйіміз. Орман, ағып жатқан өзендер, көлдер. Ашық аспан астында, жарқыраған күннің астында өмір сүреміз.

-Тірі табиғат деп нені айтамыз? Тірі табиғат-туады, өседі, өледі: өсімдіктер мен жануарлар, ал қалғаны-өлі табиғат:құм, тас, су, бұлттар.

Дидактикалық ойын: «Тірі-өлі»

Тапсырма: жасыл түсті үйшікке тірі табиғат, ал қызыл түсті үйшікке өлі табиғат бейнеленген суреттерді салу.

Тәрбиеші: Балалар, біз сендермен табиғат туралы көп білеміз. Ал, мен сендердің табиғатқа қалай қарайды екендеріңді көргім келіп тұр.

Дидактикалық ойын: «Табиғат ашуланады» және «рахмет» айтады»

-Рахмет айтар еді: ағаштың бұтақтарын сындырмаймын, қоқысты лақтырмаймын, құстарға жем беремін, жемсауыт жасап беремін.

Не үшін ашуланар еді: қоқыс лақтырамын, бұтақтарды сындырамын, аңдар мен құстарды қорлаймын.

Сүйейік табиғатты аялайық

Бізде одан жақсылықты аямайық

Анадай табиғаттың аясында

Жадырап жас балаша дем алайық

Барлығымыз табиғатты сүйеміз,

Үлкендердің сөзін ойға түйеміз.

Денсаулықты әрқашанда сақтаймыз,

Баршаңызға бейбіт өмір тілейміз

Біз әдепті баламыз,

Жайнай берсін даламыз.

Табиғатпен дос болып,

Қамқорлықпен қараймыз

Дидактикалық ойын: «Көлеңкесін тап»

Тәрбиеші: Балалар бүгін біз не туралы айттық?

Балалар: Біз табиғат туралы айттық.

Тәрбиеші: Сендерге ұнады ма! Барлығың да бүгінгі оқу қызметіне жақсы қатыстыңдар.

Табиғатсыз адам өмір сүре алмайды екен, ендеше жердің, табиғаттың иесі мына сендер, біз оны қорғауымыз керек. Демек табиғатты қорғау - өз отанымызды сақтау деген сөз.

